

Мақұлдаймын
Костанай облысы әкімдігі білім
басқармасының «Костанай қаласы білім
бөлімінің «№51 бөбекжайы» КМҚК
менгерушісі  А.Ж.Мауровадан
2025 жылғы «11» қыркүйек



Қамқоршылық кеңес туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Қамқоршылық кеңес КМҚК «№51 бөбекжайы» (бұдан әрі – МДҰ) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес құрылған.
- 1.2. МДҰ Жарғысына сәйкес Қамқоршылық кеңес МДҰ өзін-өзі басқару нысандарының бірі болып табылады.
- 1.3. Қамқоршылық кеңестің қызметі МДҰ Жарғысымен және осы Ережемен реттеледі.
- 1.4. Қамқоршылық кеңес – МДҰ-ның тұрақты жұмыс істейтін бақылаушы, кеңес беруші-кеңестік және қадағалаушы органы болып табылады.
- 1.5. Қамқоршылық кеңес өз қызметін құзыреттілік, еріктілік және ақысыз негізде жүзеге асырады.

2. Қамқоршылық кеңесті құрудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Қамқоршылық кеңес – МДҰ тәрбиеленушілерінің ата-аналары мен демеушілерінен (жеке тұлғалар, кәсіпкерлер, әртүрлі ұйымдар мен мекемелер) құралған ерікті бірлестік. Ол МДҰ-ға МДБС мемлекеттік стандартын іске асыруға жан-жақты көмек көрсету және материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында құрылады.
- 2.2. Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеттері:
 - тәрбиеленушілердің тәрбиесі мен оқуы, ақыл-ой, адамгершілік және дене дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау;
 - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың бейімделуі, әлеуметтенуі, тәрбиесі мен оқуы үшін жағдай жасау;
 - топтар мен басқа да ғимараттарда жөндеу жұмыстарын жүргізуге көмек ұйымдастыру;
 - МДҰ аумағын абаттандыруға жәрдемдесу: спорт алаңдарын және серуен алаңдарын жөндеу, жаңарту, жабдықтау;
 - тәрбиеленушілердің еңбек тәрбиесін ұйымдастыруға көмек көрсету (тірі табиғат бұрышы, бақша, көкөніс алқабы, жидек бағы);
 - сауықтыру, ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға және тәрбиеленушілердің қалалықтан халықаралық деңгейдегі олимпиадаларға, байқауларға қатысуына жәрдемдесу;
 - МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту;
 - көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерге және МДҰ қызметкерлеріне әлеуметтік көмек көрсету;
 - педагогикалық және қызмет көрсетуші персоналдың еңбек жағдайын жақсартуға көмек көрсету.

3. Қамқоршылық кеңестің функциялары

Қамқоршылық кеңес:

- 3.1. МДҰ-да конкурстарды, жарыстарды және басқа да көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады;

- 3.2. МДҰ қызметі мен дамуы үшін бюджеттен тыс қаражаттарды (демеушілік көмек) тартуға жәрдемдеседі;
- 3.3. Педагогикалық және басқа да қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға ықпал етеді;
- 3.4. МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, ғимараты мен аумағын абаттандыруға жәрдемдеседі;
- 3.5. Жаңа оқу жылының басында ата-аналарға өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстар бойынша есеп береді;
- 3.6. ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де міндеттерді орындайды.

4. Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру

- 4.1. Қамқоршылық кеңес тәрбиеленушілердің ата-аналарының жалпы жиналысында сайланады.
- 4.2. Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен хатшысы оның мүшелері арасынан жалпы мүшелер санының көпшілік даусымен сол мерзімге сайланады.
- 4.3. Қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құрылуы мүмкін.
- 4.4. Кеңес құрамына:
- тәрбиеленушілердің ата-аналары;
 - қоғамдық, қайырымдылық ұйымдардың өкілдері;
 - жеке тұлғалар кіре алады.
- 4.5. Ата-аналар ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен сайланады.
- 4.6. МДҰ меңгерушісі Қамқоршылық кеңес жұмысына қызметі бойынша қатысады. МДҰ меңгерушісі (немесе әдіскер) кеңестің төрағасы болып сайлана алмайды.
- 4.7. Қоғамдық және қайырымдылық ұйым өкілдері, жеке тұлғалар Кеңес құрамына ерікті түрде кіреді.
- 4.8. Кеңес мүшелері шектеусіз қайта сайлана алады.
- 4.9. Кез келген мүше өз еркімен өкілеттігін тоқтата алады.
- 4.10. Кеңес шешімімен ($\frac{2}{3}$ дауыс болса) мүшенің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 4.11. Өкілеттілік мерзімі аяқталған кезде жаңа құрам дереу сайланады.

5. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру

- 5.1. Кеңес жұмысы отырыс түрінде өтеді;
- 5.2. Отырыстар тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі;
- 5.3. Кезектен тыс отырыстар төраға немесе кез келген мүше талабымен шақырылады;
- 5.4. Отырыс күні туралы мүшелерге кемінде 1 апта бұрын хабарланады;
- 5.5. Төраға кеңестің жұмысын ұйымдастырады;
- 5.6. Төраға болмаған жағдайда оның міндетін орынбасары атқарады;
- 5.7. Хатшы отырыс хаттамасын жүргізеді;
- 5.8. Отырысқа $\frac{2}{3}$ мүше қатысса, отырыс заңды деп саналады;
- 5.9. Шешімдер қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады;
- 5.10. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады;
- 5.11. Хаттамалар төраға мен хатшы қол қояды;
- 5.12. Отырыстар МДҰ ғимаратында өткізіледі.

6. Қамқоршылық кеңестің құқықтары мен міндеттері

6.1. Құқықтары:

- бюджеттен тыс қаржаттарды бөлуге қатысу;
- педагогикалық кеңеске кеңес беру құқығымен қатысу;
- ерікті қайырымдылық қаражаттарын тартуға қатысу.

6.2. Міндеттері:

- өз міндеттерін адал орындау;
- ақысыз негізде жұмыс жүргізу.

6.3. МДҰ құқықтары:

- кеңес құрамын анықтау;
- өз қызметкерлерін ұсыну;
- кеңес қызметі бойынша құжаттармен танысу.

6.4. МДҰ міндеттері:

- заңнамалық актілерді сақтау;
- отырыстар үшін бөлме беру;
- құжаттармен таныстыру;
- сұраныс бойынша ақпарат беру.

7. Қамқоршылық кеңес пен МДҰ өзара әрекеттесу қағидаттары

Қамқоршылық кеңесі ДО-мен келесі принциптерге негізделген өзара әрекеттеседі:

- сенім мен әріптестік;
- өзара жауапкершілік;
- өкілеттіктерді бөлу;
- ашықтық пен жариялылық;
- білім беру үдерісіне араласпау.

8. Қамқоршылық кеңесті тарату

8.1. Кеңес қызметі таратылған жағдайда тоқтатылады.

8.2. Тарату:

- Құрылтайшы шешімімен;
- педагогикалық кеңес шешімімен;
- Қамқоршылық кеңес шешімімен;
- сот шешімімен жүзеге асырылады.

8.3. Таратылған жағдайда құжаттар МДҰ-да сақталады.